

Ж.М. Медеубаева
Л.К. Ахметжанова*

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
*Корреспонденция үшін автор: Akhmetzhanova_lk@enu.kz

«Көпполюсті әлем» тұжырымдамасы: зерделенуі мен ғылыми-практикалық әлеуеті

Аңдатпа. Мақалада қазіргі халықаралық қатынастарды зерттеу саласында өзекті болып отырған көпполюсті әлем тұжырымдамасының ғылыми пайымдалуы, доктриналық сипатқа ие болуы мен теориялық әлеуетіне сараптама жасау мақсаты қойылған. Сонымен бірге, авторлар көпполюсті әлемдік құрылымның орнығуына кедергі болатын жүйелік шектеулерді қарастырады. Бүгінде көпполюсті әлем идеясын қолдап отырған елдер негізінен экономикалық жағынан қарқынды дамып келе жатқан елдер. Дегенмен, соңғы онжылдықта Батыстағы ірі мемлекеттер де бұл тұжырымдамаға мән бере бастады. Көпполюсті әлемнің тұжырымдалуы және доктринаға айналуы Қытайдан бастау алатынына назар аударылып, бұл елде қазірде оның қалай іске асып, қандай өзгеріске ұшырап жатқаны сараланады. Көпполюсті әлемнің қалыптасуы бір күндік үрдіс емес. Бірақ американдық бір полярлылықтың әлсіреуімен белгілі акторлардың мемлекеттік, мемлекеттік емес сипатта жүйелік қатынастарды өз пайдасына шешу үшін қайта құру талпыныстарын жасауы мүмкін. Бұндай жағдай, әрине, жеке мемлекеттердің қауіпсіздігіне тәуекелдер тудырады. Сонымен қатар, америкалық бірполюстіліктің орнын толық басуы мүмкін көпполюсті халықаралық жүйенің Қазақстан сияқты орта дәрежедегі мемлекеттердің сыртқы саясатына қысым жасап, көпвекторлық қағидаттарына өзгеріс әкелуі мүмкін деген қорытынды жасалады.

Түйін сөздер: көпполюсті әлем, сыртқы саясат, доктриналану, көпжақтылық, бірполюсті жүйе, көпвекторлық.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-6887/2022-138-1-86-96>

Түсті: 21.02.2022 / Жарияланымға рұқсат етілді: 24.02.2022

Кіріспе

Соңғы онжылдықтарда әлемдік саяси лексиконда «көпполюсті әлем» ұғымы орныққаны белгілі. Халықаралық қатынастардың танымал америкалық теоретигі Дж. Миршаймер былай деген: «Біз үш ұлы держава болып, (АҚШ, Қытай, Ресей) көпполюсті әлемге бет бұрудамыз» [1]. Бұл сөздердің маңызды болуы жалпы Батыс әлемі,

әсіресе, АҚШ көпке дейін көпполюсті әлем идеясын мойындамай келген еді. Қазіргі күні осы ұғымның тұжырымдалуымен қатар, ХХІ ғасыржағдайындаоныңдоктриналазиялану үдерісі жүріп жатыр: көпполюстілікті Ресей, Қытай, Үндістан, Бразилия секілді өсіп келе жатқан елдер өздерінің сыртқы саяси және жалпы даму стратегиясы ретінде қабылдады. Бүгінде ірі халықаралық акторлардың саясаты шағын және орта мемлекеттерді өздерінің

экономикалық мүдделерін қорғаудың жаңа форматтарын іздестіруге итермелейді, бұл көпполюсті жүйенің институттарын қалыптастыру үшін халықаралық алаңды едәуір кеңейтеді.

Халықаралық қатынастар жүйесінің көпполюстікке бет алуы Қазақстан сияқты орта дәрежедегі мемлекеттер үшін синтегуіріндерді күшейтуі мүмкін. Америка Құрама Штаттарының күні бітіп бара жатқан бірполюсті жүйесі бірқатар кемшіліктерімен қатар, Еуразияның жас тәуелсіз мемлекеттері үшін сыртқы қатынастардағы таңдаудың кеңірек өрісін қамтамасыз етті: оның айқын дәлелі Қазақстан және басқа да бұрынғы кеңестік республикалардың көпвекторлы саясатты жүргізуі еді. Ендігі жерде көпполюсті жүйе толығымен орнықса жағдай қалай өзгереді, еліміздің сыртқы саясаты қандай қысымға ұшырайды деген сұрақ туады. Оның үстіне көпполюсті әлем тұжырымдамасы ғылыми мәселеге айналып, барлық елдерде дерлік зерделенуде. Сондықтан, қарастырылып отырған тақырып бүгінде өзекті ғылыми және практикалық тақырыптардың біріне айналып отыр.

Зерттеу әдістемесі

Көпполюсті әлем мәселесін зерттеуде халықаралық қатынастар теориясындағы реалистік және либералдық, сонымен бірге, конструктивістік бағыттардың пайымдарына мән берілді. Саяси реализмдегі заманауи ағым неоклассикалық реализм көпполюсті әлемді зерделеуде дәстүрлі болып қалған ұлттық мүдде, физикалық күштің үстем ролі сияқты қағидаттарды айналып өте алмайды; шыныменен, халықаралық қатынастардағы «полюстің» жасалуы, белсенділігі оны құрайтын мемлекеттің күш-қуатымен, ең алдымен, саяси-әскери күшімен анықталады. Яғни, «полюсті» тек көршілерінен күшті, оларға ықпалы анық мемлекет құра алады, ал шағын мемлекеттерге күштінің қанатының астына кіру жолы ғана қалады.

Либералдық ағымдағы неолибералдық бағытқа сүйенсек, көпполюсті әлемге бет алған

жағдайда шағын және орта мемлекеттер үшін туатын мүмкіндіктерді көре аламыз. Әртүрлі деңгейдегі көпжақты ұйымдар аясында олар бірлесе отырып ортақ жайғасымға келіп, ұйымдаса қимылдаса алпауыт мемлекеттерге қарсы тұруы, өз мүдделерін қорғауы мүмкін болады.

Конструктивизм көпполюсті әлем тұжырымдамасының қабылдану мәселесіне көңіл аудартады, соның нәтижесінде әртүрлі елдерде оның пайымдалуы, іске асырылуының ерекшеліктері бар екеніне көз жеткіздік.

Қарастырылып отырған мәселені зерттеуде салыстырмалы әдіс, контен-анализ пайдаланылды.

«Көпполюсті әлем» тұжырымдамасының жалпы пайымдалуы

Көпполюстікке бет алған әлемнің жалпы көрінісі мынадай: бір жағынан бұрынғыдай қуаты шалқып, тасып тұрмаса да Құрама Штаттар өзінің бірполюстық тұғырында қалуда, ал екінші жағынан қалған әлем - әлемдік тәртіптің жаңа құрылысына арналған алаңда бой түзеуде. Соңғы кезде «the rest» - «өзгелер» ұғымы американдық саяси ойда орын алды. «Америка және қалған әлем» идеясы америкалық зерттеуші Ч. Купченнің еңбектерінде сипатталады. Осы көтеріліп келе жатқан қалған әлем экономикалық күшке ие болуда және ол күшіне сай жаһандық саяси үдерістерге қатысуға үміткер. Купченбойынша «әлемнің қалған бөлігі» гегемон немесе жол бамтаушысы жоқ «иесіз әлем», бірақ ол өте өзара тәуелді және өзара байланысты [2]. Халықаралық қатынастар саласының танымал америкалық сарапшысы Фарид Закарьяның да «әлемнің қалған бөлігі» ұғымы бар. Өзінің «Америкадан кейінгі әлем» атты жұмысында АҚШ пен Батысқа қарсыласқан әлем туралы емес, өзінің экономикалық күш-жігері, халықаралық ортаны қайта құрушы адами және экономикалық ресурстарының арқасында дамып келе жатқан «қалған әлем» туралы жазады [3].

«Қалған әлем» - бұл Ресей, Қытай, Үндістан, Бразилия, Оңтүстік Африка және т.б. сияқты

экономикасы даму үстіндегі, айтарлықтай адами, физикалық ресурстары, ірі нарықтары бар мемлекеттер және олар әлемнің болашақ көпполюсті құрылысындағы негізгі буындар болуға ниетті. Осы елдердің әрқайсысы өзінің аймағына әсер ету үшін қажет саяси ресурстарға ие және соның арқасында алдағы көпполюсті тәртіп жүйесінде полюстер, яғни күш, тартылыс орталығын құра алады.

Көпполюсті әлемнің түсініктемесінің кең мағынада пайымдалу мынадай: көпполюсті жүйе жаһандық биліктің қуаты мен саны жағынан өсіп келе жатқан акторлардың арасында қайта бөлінуі; яғни, әлемде қалыптасқан билік иелері күшейіп келе жатқан Қытай, Бразилия, Ресей т.б. елдермен санасып, оларға «төрден» қандай да болмасын орын беруге мәжбүр болуда. Және де көпполюсті жүйенің қалыптасуы халықаралық қатынастарда жұмылдырылған ынтымақтастықтың орын теуіп, көпжақтылықтың біржолата орнауына алып келеді. Ресейлік зерттеушілердің арасында көпполюсті әлемнің былайша зерделенеді: бір полюсті әлеммен салыстырғанда көпполюсті әлем құрылымы бір емес, бірнеше күш орталықтарынан құралады және олар күші, әлеуеті жағынан бір біріне жақын, араларында абсолютті басымдыққа ие актор болмайды. Ең маңыздысы бұндай күш орталықтарының саны екіден көп болуы керек.

Бүгінде көпполюсті әлем идеясын қолдап отырған елдер негізінен экономикалық жағынан қарқынды дамып келе жатқан елдер. Олардың тізімін Қытай бастап отыр және бұл тізімге Азия мен Африканың, Оңтүстік Американың бас көтетер елдері кіруге қарсы емес. Олардың соңғы екі онжылдықтарда қол жеткізген әлеуеті халықаралық қатынастар мен әлемдік экономикалық жүйедегі алатын орнына көңілі толмай, өз қуатына қарай жаңа мүмкіндіктерге ұмтылуға итермелейді. Бұл елдерге қатысты батыстық саясаттану ғылымында «ревизионист мемлекеттер» деген термин қалыптасып, қазіргі уақытта кең қолданыста екені мәлім.

Жоғарыда айтылғандай АҚШ және еуропалық елдердің бірқатары көпполюстілікті көпке дейін мойындамай

келді. Бірақ та әлемде болып жатқан түпкілікті экономикалық, әлеуметтік өзгерістер оларға америкалық бірполюсті жүйенің тарих сахнасынан кетіп жатқанын еске ала отырып, көпполюсті құрылымның орнау мүмкіндіктеріне мойын бұруына алып келді. Франция президенті Э.Макрон 2019 жылдың тамызында айтқандай: «Біз Батыстың дүние жүзінде гегемониясының аяқталуын бастан кешіріп жатқан шығармыз. 18- ғасырдан бері батыстық гегемонияға негізделген халықаралық тәртіпке үйреніп қалдық: ол алдымен, француздық, 19-ғасырда өнеркәсіптік революцияның арқасында британдық және 20-ғасырда американдық болды. Енді барлығы өзгеруде» [4]. Америкалық саясаткерлер осы уақытқа дейін бұл жүйені қатаң сынға алып, оның халықаралық орта үшін зиян екенін, әлемдік тұрақтылықты шайқайтын жағымсыз әсері болатынын айтып келді. «ЕО көшбасшылары Еуропалық Одақтағы ішкі қайшылықтар мен жікке бөлінулердің одан әрі тереңдеу және оның халықаралық рөлінің төмендеу қаупін көріп, көпполлярлық деп аталатын үрдістің өсуіне алаңдайды» [4]. Әзірге батыстық саяси топтар көпполюстік тұжырымдамасына қарсы қояры либералдық, демократиялық қағидаттарды басшылыққа алатын шын мәніндегі көпжақтылық (мультилитерализм), бірақ, оның өзі соңғы кезде дағдарысқа ұшырағанын көріп отырмыз.

Көпполюсті әлем тұжырымдамасының доктриналануы

Көпполюсті әлемнің тұжырымдалуы және доктринаға айналуы Қытайдан бастау алады. Онда Ресей, Бразилия, Үндістан сияқты көпполюстікті қабылдаған елдерге қарағанда бұл идея ертерек айналымға енді және айшықты сипатқа ие болды. 1990-жылдардың басында Қытай басшылығы көпполюсті әлем стратегиясын ойластыра бастады. Сол кездегі қытайлық басшы Дэн Сяопин 1993-жылы былай деген еді: «Әлемде қаншама полюс болмасын, төртеу, тіпті бесеу, Қытай соның бірі болуы керек» [5]. 1993-2005 жылдары Қытайды басқарған Цзян Цзэминь де қазіргі

заманда әлем көпполюстілікке бет алды, бұрынғыдай бір немесе екі елдің, немесе ұлы державалардың ат төбеліндей тобының барша адамзаттың тағдырын шешетін күні келмесе кетеді деп талай қайталаған. Кейін ол ойын одан ары дамытып, көпполюстіліктің жедел тарап, аймақтық және жаһандық деңгейде саясат мен экономиканы қатар қамтып отырғаны туралы айтты. 2007 жылы Қытайдың сол кездегі төрағасы Ху Цзиньтао: «көпполюсті жүйенің орнығуы бірбеткей үдеріс, оның беті қайтпайды...әлемде күш балансы түбірімен өзгеріске ұшырауда» деп мәлімдеп, келесі жылдары көпполюсті әлемдік тәртіпті тезірек орнатуға шақырып отырды.

2013 жылы Қытай сыртқы істер министрлігі: «Көпполюстілік гегемонизм мен күш саясатын тізгіндеуге, әділ де тең құқылы тәртіп орнатуға, сөйтіп, даму мен гүлденуге жағдай жасайды» деп мәлімдеді [5]. Осылайша, ешкімнің атын атамаса да, қытайлықтар АҚШ көшбасшылығын теңдестіруге ұмтылатынын жариялады. Дегенмен, Қытай басшылығы АҚШ жоғары дәрежелі ресми тұлғалармен кездесулерде көпполюстілік терминін қолданбайды және ешбір екі жақты құжаттарда ол көрініс тапқан емес. Жеме-жемге келгенде қытайлықтар америкалықтарға қатысты өз дискурстарында «ынтымақтастық», «әріптестік» деген ұғымдарды пайдаланып, АҚШ-тың әлемдегі жетекші ролін мойындайтындарын талай рет жария еткен. Америка жағы да Қытайдың жедел дамып, талай дамыған елді артқа тастап, қуатының асқанын пайымдап, ең алдымен Азия Тынық мұхит аймағында санасар күшке айналғанын қабылдады. 2015-жылғы Б. Обама тұсындағы Ұлттық қауіпсіздік стратегиясында Қытай аса қуатты елдер арасындағы қатынастарға әсер ете алатын мемлекет ретінде сипатталады. АҚШ пен Қытай бірлесіп басқаратын «дуалды әлем» идеясы біраз жылдар айналыста болды.

Д. Трамптың президенттілігі кезінде 2017-жылы жағдай мүлде өзгерді. Оның тұсында басталған АҚШ пен Қытай арасындағы сауда соғысының терең саяси астары бар екені сөзсіз. Батыстық тұрғыдан алғанда Қытай

өзіне артқан үмітті ақтамады; ол саяси, экономикалық реформалар жасап, заманауи ортақ дамудың жолына түсу былай тұрсын, әлемдік саясат пен халықаралық қатынастарға соны, яғни, қытайлық көзқарасты негіздеп, орнықтыруға ниеттенуде. Қытайдың экономикалық саладағы толағай табыстары оған әлемдік саясаттан өзіне тиеселі орынды алып, одан ары жаһандық көшбасшылыққа көз тігуге итермелеп отыр. Бұндай жай батыстың алпауыт акторларын бей-жай қалдырмағаны анық және АҚШ-тың Қытайға салған сауда саласындағы шектеулері соның бір көрінісі.

«Қытайдың дамуы мен әлемнің гүлденуі бір-біріне тәуелді және бөлінбейтін нәрсе. Елімізде ішкі дамуға баса назар аудара отырып, ашық типті экономика дамуының жаңа биігіне жету үшін ішкі және сыртқы айналымдардың өзара әрекеттесуімен ерекшеленетін жаңа архитектураның жасалуы қарқынды жүргізілуде. Қытай өзара тиімді және ұтысқа ие болу қағидаттары бойынша сыртқы ашықтық стратегиясын берік ұстана отырып, әлемнің түкпір-түкпірінде елдерді дамуға ынталандыруда, және өз кезегінде еліміздің дамуы бүкіл әлем үшін пайда әкеледі. Әріптестеріміз Қытайдың жаңа даму мүмкіндіктерін пайдаланып, бізбен ынтымақтастықты одан әрі тереңдете берсе, біз тек қуанамыз» [6]. ҚХР басшысы Си Цзинпинь өз Қытайдың бүкіл әлемді алдыға жылжытатын жағымды ролін соңғы кездері барлық мінбелерден осылайша жиі жариялауда. Қытай басшыларының осындай сөз мәнері олардың көпполюсті әлем тұжырымдамасын қабылдаудағы өзгеріс орын алғанын көрсетеді. Бұған дейін бұл ел көпполюсті жүйені орнықтыруда өзін өзгелердің қатарында көрсе, енді ол алдыңғы шептегі, яғни, басқаларды соңынан ертіп, жарқын болашаққа апарар жетекші ретінде қимылдауда. Қытайдың бұндай жайғасымының жөні жоқ емес, оның «Бір белдеу – бір жол» мегажобасы халықаралық деңгейде жүзеге асып, алыс аймақтарды бір бірімен жақындастырып, өзара әрекеттестіктерді күшейтіп жатуы қытайлық ықпалдың жай сөз емес екендігін көрсетті.

Пандемия кезіндегі ең күйзеліс кезеңінің өзінде де «Бір белдеу – бір жол» аймақтық және жаһандық ауқымда ықпалын арттыруды жалғастырды. «2018 жылдың қараша айынан бастап «Бір белдеу – бір жол» жобаларының тізіміне 203 көпір (автомобиль және теміржол); 199 электр станциясы мен 41 құбыр желісі кірді. Қытай жаһандық теледидар желісінің (GCTN) мәліметтері бойынша 2020 жылдың мамыр айына дейін Қытай 138 елмен және 30 халықаралық ұйыммен осы жоба аясында 200 ынтымақтастық келісіміне қол қойды [7]. Бұл жоба Қытайдың жаһандық жетекшілік ролін бекітудің аса тиімді құралы болуда қытайлық көпполюстілік тұжырымдамасына одан ары өзгерістер әкелері сөзсіз.

АҚШ - пен арадағы сауда соғысы нәтижесінде Қытай басшылығы көпполюстіліктен көрі «көпжақтылық» ұғымын жиірек қолдана бастады. «Біржақтылық пен протекционизмнің күшеюі халықаралық тәртіп пен жаһандық басқаруға нұқсан келтіруге тырысатындықтан, әлемге көпжақтылық принципі мен күшті Біріккен Ұлттар Ұйымы қажет» [8] - деп ҚХР төрағасы батыстық көпжақтылықтың пайдалы тұстарын басып айтты. «Көпжақтылықтың ең іргелі қағидасы халықаралық мәселелерді әр елдің мүдделерін сақтай отырып, ұжымдық келісілген ережелерге сәйкес кеңесу арқылы шешу болып табылады» [8]. АҚШ-пен екі арадағы сауда соғысынан зардап шеккен Қытай осылайша көпжақтылық принципін алға тарта отырып, өз экономикасына түскен қысымды азайтқысы келеді. Джо Байденнің президент болуымен жағдай түпкілікті оңала қойған жоқ. Қазіргі кезде Қытайға ең керектісі халықаралық саудадағы көпжақтылық, оны қамтамасыз етуде ол БҰҰ, Дүниежүзілік сауда ұйымы сияқты беделді жаһандық көпжақты институттарға жүгінеді.

Көпполюсті жүйенің заңдастырылуы

Көпполюсті жүйенің негізін қалыптастыру үшін оны институционализациялау керек, бұл - алдағы әлемдік жаңа тәртіпті заңдастырудың (легитимизациялаудың) басы. Қазіргі кезде

саяси билік әлемдік саясатта ең жоғары күзіретке ие, сондықтан экономикалық өсу өздігінен саяси күшеюге және өзгеге ықпал етуге әкелмейді. Қытай, Ресей, Үндістан, Оңтүстік Африка, Бразилия және т.б. сияқты елдердің өсіп келе жатқан экономикалық әлеуеті әлемдік қоғамдастықтың жаһандық мәселелерді шешуде дауыс беру құқығына жету үшін тиісті саяси және құқықтық рәсімдеуге ие болуы керек. Егер бірнеше ондаған жылдар бойы «экономикалық алпауыт, саяси ергежейлі» ролінде болған Жапонияны еске түсірсек, оның әлемдік саяси сахнаға шығуы Құрама Штаттармен «тығыз» қарым-қатынастары мен «Үлкен жетілікке» мүше болу арқылы жүзеге асқаны белгілі.

Басты жаһандық сипаттағы халықаралық саяси және құқықтық институт Біріккен Ұлттар Ұйымын көпполюсті әлемдік тәртіпті институционализациялаудың негізі болып табылмайды, себебі оның шешім қабылдау тетігін биполярлы әлемдегі күштердің теңгерімі (АҚШ, Франция, Ұлыбритания, Қытай, Ресей арасындағы) өз уысында ұстап отыр. БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің тұрақты мүшелерінің қатарының кеңеюі және оны шешімдер қабылдаудың демократиялық механизмімен алмастыру, яғни, түпкілікті қайта құрулар көпполюсті әлемнің саяси және құқықтық негізі үшін алаң дайындауы мүмкін.

Көпполюстілікті қалыптастыру тұрғысынан «Үлкен жиырмалыққа» үлкен үміт жүктеледі. Шынында да, бұл әлем халқының шамамен 70% өкілдерін біріктіретін жаһандық бейресми мекеме. Бұл ұйымдағы елдердің мүшелігі 1999 жылы Питтсбург саммитіне дейін Құрама Штаттардың біржақты шешімімен анықталғаны белгілі. Мүшеліктің нақты өлшемдерінің, басқару қағидаларының, тұрақты жұмыс істейтін органының жоқтығы, «Үлкен жиырмалықтың» жақсы жағын сипаттайды: яғни, бюрократияға орын жоқ. «Үлкен жиырмалық» жаһандық экономикалық және қаржылық мәселелерді талқылау үшін өзін демократиялық, икемді, бейресми мекеме ретінде көрсетеді. Дегенмен, ұйымның бұндай сипаты оның мүшелерінің

саяси әлеуетінің өсуіне қосары аз; олардың жылына бір рет өтетін саммиттері соңғы кездері пайдасыз іс-шара ретінде сыналып жүр.

«Үлкен жиырмалық» шеңберінде, қатысушы елдерге жаһандық және аймақтық мәселелер бойынша шешімдерді қабылдау үдерістеріне белсенді қатысуға мүмкіндік беретін механизмдер әзірленуі керек. Бұл дегеніміз, ұйым, шын мәнінде, жарғы, тұрақты мүшелік, жұмыс органы секілді сипаттамалық қасиеттері бар халықаралық, үкіметаралық ұйым бағытында дамуы керек. Бірақ бірқатар зерттеушілердің ойы бойынша бұл биресми ұйым бүгінде дағдарысқа ұшырауда, өйткені оның мүшелерінде ауызбірлік жоқ, олардың өзара топтарға бөлініп алып, тайталасуынан ұйым әлсіреуде, тіпті, кейде оның өміршеңдігі туралы сұрақ туындап қалуда. Ғалымдардың екінші бір тобы ««Үлкен жиырмалық» либералдық құндылықтардан бас тартып жатыр деп болжайды. Олар бұл мекеме БРИКС және дамып келе жатқан елдердің, әсіресе, Қытай қысымында екенін алға тартады. Ұйым еуропалық құндылықтарға, ең алдымен заң үстемдігі мен адам құқықтарына негізделген тиімді көпжақтылыққа сүйенген жаһандық тәртіпке қарсы келуде» [9].

Өзінің планетарлық ауқымына қарамастан, «Үлкен жиырмалық» бұрынғыдай орта және кішігірім мемлекеттерді шеттетіп, күштірек мемлекеттерді қамтиды. Шағын мемлекеттердің басшыларын бұл ұйымның саммиттеріне шақыру тәжірибесі қолға алынған; бұл Қазақстан, Малайзия, Жаңа Зеландия, Чили және басқа елдердің «Үлкен жиырмалық» жүйесінде болатындығына үміт білдіреді, бірақ «кімді, қалай шақыратыны» туралы мәселеленің басы ашық емес. Шын мәнінде, жиырма мемлекет өздерінің мүдделері мен талаптарына әлемнің қалған ауқымды бөлігін көндіруге тырысатын сияқты. Күш балансына негізделген классикалық емес, демократиялық көпжүйелі әлемді қалыптастыру үшін «Үлкен жиырмалық» шеңбері тар болады; әлемдік қауымдастықтың барлық мүшелерінің қатысуымен жаңа әлемдік тәртіптің құрылымын жасау үшін

одан кеңірек алаң қажет. Осыған орай, Қазақстан республикасының халықаралық қатынастарының барлық қатысушыларының дауыстары естілуі мүмкін әлемдік деңгейдегі өзекті мәселелер бойынша пікір алмасу үшін «G - Global» платформасын құру бойынша бастамасы тұжырымдамалық және функционалдық жағынан құнды болып табылады. Бұндай платформа орта деңгейдегі және ұсақ мемлекеттердің кең қатарын өзара сұхбат пен кеңесуге тарта алады және олардың белгілі мақсатта топтасып қимылдауына мүмкіндік береді.

Даму үстіндегі мемлекеттердің Бразилия, Ресей, Үндістан, Қытай, Солтүстік Африка сияқты қуатты өкілдерінен құралған трансаймақтық ұйым БРИКС көпжүйелі жүйенің құрылуы үшін таптырмас негіз екені белгілі. Бірлестік елдері арасындағы ынтымақтастық, оның ішінде БРИКС Іскерлік кеңесі және БРИКС банкаралық ынтымақтастық механизмі форматындағы ынтымақтастық БРИКС-тің халықаралық сауда, инвестиция, өнеркәсіп, ғылым және технология салаларындағы бірлескен мүдделерін ілгерілетуде шешуші рөл атқарады. Бес елдің қай салада болмасын бірлескен әрекеттерінің аймақтық және жаһандық ықпалы болары белгілі. Дегенмен, соңғы кезде БРИКС қарқынды даму кезеңін артта қалдырып, кібіртіктеп қалғаны аян. «Әлемдік экономиканың теңгерімсіздігі, байланыстардың үзілуі және қайта бағдарлануы БРИКС-тің өзінде белгілі бір күйзеліске алып келді, соның ішінде, өз істерімен айналысып, өз мүдделеріне қол жеткізудің соңында кеткен оның мүшелері арасындағы байланыстардың әлсірегені белгілі болды. Бұл алаңдатарлық жағдай бұрыннан белгілі мәселелерге қат-қабат келді: олар БРИКС-ті жұмысын қайта жаңғырту, жаңа тұжырымдамалар мен тәсілдер әзірлеу қажеттігі еді, өйткені өз дамуының бірінші он жылдығының аяғында БРИКС қай жағынан алғанда да дағдарысқа ұшыраған еді» [10]. Коронавирустық пандемия бұндай жағдайда одан ары күрделендіріп жіберді, экономикасы әлсіреп, «байтал түгіл бас қайғы

болған» мүше мемлекеттер тың бастамалар мен белсенділікке әзірге құлықсыз. Яғни, көпполюсті әлем құрылысына белсенді қатысу үшін «Үлкен жиырмалық» сияқты тұжырымдамалық, құрылымдық жаңартуларды ойластырып, өз қызметін жаңғырту керек. Сонымен бірге, БРИКС-тің өзге дамушы елдер үшін көлеңкелі тұсы мынада: болашақта ойдағыдай жаңару мен даму нәтижесінде оның авторитарлы клубқа айналып, айналасындағылармен кеңеспей, жөн сілтеп, жол көрсететіп отырмасына кім кепіл.

Жүйелік шектеулер

Көпжақты әлем тәртібінде халықаралық қатынастардың поляризациясына кедергі келтіретін тағы бір фактор - көптеген ірі мемлекеттердің экономикалық әл-ауқаты мен саяси тұрақтылығы қалыптасқан халықаралық жүйеге тәуелді. Олар, тиісінше, өздерінің ұлттық мүдделеріне қызмет ететін әлемдік тәртіпті бұзғылары келмейді. Бұл мүдделер оларды қамтамасыз етуде Құрама Штаттар өте маңызды рөл атқаратын тауарлардың, қызмет көрсетулердің, адамдардың, энергетиканың, инвестициялардың және технологиялардың ағынымен тығыз байланысты.

Заманауи әлемдегі тығыз әрекеттестік дәстүрлі және жаңа қатысушылар арасындағы бәсекелестік пен қақтығыс мүмкіндігін әлсіретеді. Мемлекетаралық, әлемдік экономикалық қатынастардың қолданыстағы жүйесінің осал тұстарына, белгілі бір күштердің асимметриясына, өзгерісіне қарамастан дамушы елдерге пайда табуға және экономикалық тұрғыдан нығаюға мүмкіндік берді. Осы ретте Жапония мен Қытай аса табысты болды деп саналады. Өйткені олар заманауи халықаралық қатынастар жүйесінің, әлемдік экономикалық жүйенің берер мүмкіндіктерін шебер пайдалана алды. Сол сияқты Қазақстанның халықаралық қатынастардың жаһандық жүйесінде қабылданған қағидалар бойынша жүріп, ел үшін (бірінші кезекте, қолайлы сыртқы ортаны құруда) белгілі бір пайда алатынын жоққа шығаруға болмайды.

Сондай-ақ, кейбір аймақтарда тарихи даму барысында қалыптасқан өздерінің мемлекетаралық қатынастарының принциптері мен дәстүрлерінің жүйесі барекенінескеру қажет. Әлемнің барлық елдердің өздерінің көршісіне қатысты белгілі бір сезімдері болады және осы сезімдердің спектрі жиі бір-біріне қастық, жеккөрушілік пен сенімсіздікті қамтиды. Әрбір елде көршісіне деген айналып өтуге қиын, жағымсыз стереотиптер орын алған. Ф. Закарьяның айтуынша, Қытайдың биіктеуінің оның айналасында орналасқан мемлекеттерге ұнауы мүмкін емес, олар сенімсіздік тудыратын (тарихқа байланысты) елге қарағанда, АҚШ-ты көшбасшы ретінде артық көреді [3]. Бұндай жағдай әлемнің көптеген аймақтарына тән. Орталық Азия аймағы елдері үшін де америкалық бірполюстілік көрші екі алпауыт елге ауыздық болар жағымды фактор еді; көпполюсті жүйе нақты орнаған жағдайда солтүстіктегі және шығыстағы көршілеріміз әбден күш орталығына айналып, оларды өз орбитасына кіргізіп, көпвекторлы сыртқы саясаттарын жоқ қылатыны анық.

Көпполюсті жүйенің қалыптасуын шектеуші тағы бір фактор халықаралық қатынастар сахнасында орын алған иерархиялық қатынастар жүйесі. Белгілі америкалық зерттеуші Дэвид Лейк әлемдік саясат пен мемлекетаралық байланыстар саласын пайымдаудың басты тұғыры болып келген реалистік бағыттың «халықаралық қатынастар билік немесе күш орталығы жоқ анархиялық қатынастар, ондағы мемлекеттер өздерінің таңдауы мен қимыл жасауында ешкімге бағынбайды» - деген қағидатына қарсы шықты. Оның айтуы бойынша соңғы ғасырларда халықаралық қатынастарда катаң да бұзылмайтын тәртіп орнап, сақталып келеді. Әлемдегі алпауыт мемлекеттер билік пирамидасының жоғары жағына жайғасып, орта және әлсіз мемлекеттерге өз айтқандарын істеткізіп отыр және бұндай тәртіп халықаралық институттар арқылы қамтамасыз етілуде. Орта және әлсіз мемлекеттер бұндай жүйеден зардап шегіп отырған жоқ, керісінше, сондай

бағыныштылықтың нәтижесінде олар өздерінің қауіпсіздіктеріне кепілдік алып, қаржыларын қорғаныстан ішкі дамуға аударуға мүмкіндік алған. Мысал ретінде зерттеуші АҚШ-тың қорғаныс шатырының астында болып, күрт даму жолына түскен Жапония, Оңтүстік Корея, Филиппиндерді келтіреді [11]. Тіпті европалық дамыған мемлекеттерінің өздері НАТО-ның құрамында болып, америкалық қауіпсіздік жүйесінің шеңберінде отырған жоқ па. Бұндай иерархиялық жүйе, әрине, АҚШ-тың саяси, экономикалық әлеуетіне негізделген және өміршеңдігін жойды деу әлі ерте, сондықтан ол көпполюсті әлем орнауына басты кедергілердің бірі екеніні белгілі.

Қорытынды

Қалыптасуы мүмкін көпполюсті жүйеде Қазақстан Республикасы мүдделері қандай және қандай бағыт ұстануы керек? Қазақстанның географиялық орналасуы оны ресейлік немесе қытайлық полюстердің орбитасында итермелейді. Бұл көпвекторлы саясаттың аяқталуына, бір векторлы басымдылыққа құрылған сыртқы саяси саясатқа ауысуға алып келуі. Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, еківекторлы сыртқы саясат болмайды, екі тараптың арасында жүру мүмкін емес, көпвекторлық үшін жақтар үшеуден кем болмау керек. Бірвекторлы саясаттың енгізілуі, әрине, қауіпсіздіктің, белгілі экономикалық, сауда пайдаларының қатаң кепілдігін алу тұрғысынан бірқатар артықшылықтарға ие. Бірақ Израильде болған бірвекторлы саясатты ұзақ уақыт ұстану жағдайы көрсеткендей бір векторлы сыртқы саясат елді бағынышты және осал ете түседі. АҚШ-қа бағыныштылығы және қызығушылықтары Израильді халықаралық аренада ұзақ уақыт бойы Вашингтонның қолдауына тәуелді етті, сонымен қатар, елде жеке сыртқы саяси потенциалды дамытуға, жеке байланыстарын орнатуға, әр елдердің арасындағы қызығушылықтарын салыстыруға жол бермеді. Іс жүзінде жеке

сарапшылық құрылымдарды және болжам қызметтерін құрудың қажеттілігі болмады, себебі, сараптаудағы барлық қажеттіліктер американдық құралдармен қамтамасыз етілді. Елді тәуелсіз және халықаралық аренада оның заңдылығын қорғайтын жеке сыртқы саясаттарын жүргізудің қажеттілігі болған жоқ. Осылай Израиль мен АҚШ мүдделерінде қарама-қайшылықтар туындағанға дейін жалғасты.

Шынымен де, көпполюсті әлемнің қалыптасуы бір күндік үрдіс емес. Бірақ американдық бір полярлықтың әлсіреуімен белгілі акторлардың мемлекеттік, мемлекеттік емес жолдармен жүйелік қатынастарды өз пайдасына шешу үшін қайта құру талпыныстарын жасауы мүмкін. Бұл міндетті түрде әлемдік саясатта шиеленістің жаңа толқынын тудырады. Қазақстан, жалпы Орталық Азия аймағы геосаяси орналасуына байланысты негізгі әлемдік ойыншылардың басты назарында, бүгіннің өзінде сол геосаяси күрестің жанданғанын байқап отырмыз.

Осындай тегеуірінге қарсы тұру мен дамудың тәуелсіз бағытын сақтау үшін Қазақстанға әрі қарай көпвекторлық курстың саяси-тұжырымдамалық, функционалдық әлеуетін пайдалану қажет. Тек халықаралық сахнадағы басымдық берілетін тұстарында халықаралық құқықтың, гуманизмнің, жауапкершіліктің қағидаларын қатаң сақтау елді қауіпсіздікке қатер төндіретін кез келген жағдайдан алып шығады.

Көпполюсті жүйенің қалыптасуы тездеген жағдайда Қазақстанның қазіргі таңдағы полюстер рөліндегі Ресей мен Қытайдың арасында орналасуы елге екуеуінің біреуінің пайдасына таңдау жасауға тура келетіндігі анық. Сондықтан, еліміз біреудің жетегінде кете бермеуі үшін ойластырылатын бірден-бір амал Орталық Азия мемлекеттерімен ынтымақтастықты одан ары жолға қою, олармен өзара түсіністікті, сенімді күшейту деп білеміз. Аймақта интеграциялық ұйым құру мүмкіндігі қазірде мардымсыз болғанмен, күн тәртібінен Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан және Түркіменстанмен ынтымақтастықты

барынша дамыту түспеу керек, өйткені, саясатына жауапты ұйымдар мен тұлғалар тығыз мемлекетаралық байланыстар ОАА- Республиканың аймақтық саясатын қайта ның өзгеге тәуелсіз, дербес болуына жағдай қарап, тұжырымдамалық және практикалық жасайды. Осы орайда Қазақтанның сыртқы жағынан шыңдауы қажет екені анық.

Әдебиеттер тізімі

1. John Mearsheimer. We are Moving to a Multipolar World with Three Great Powers [Электрон. ресурс]. – 2018. – URL: <https://www.youtube.com/watch?v=yoWMn8H7u1Q> (қаратысырылған күні: 23.09.2021).
2. Kupchan C.A. No One's World. The West, The Rising Rest, and The Coming Global Turn / C.A. Kupchan. – New York: Oxford University Press. – 2012. – 356 p.
3. Zakaria F. The Post-American World: release 2.0 / F. Zakaria. – New York: W. Norton & Company, 2012. – 314 p.
4. Выступление Э.Макрона на совещании французских послов [Электрон. ресурс]. – 2019. – URL: <http://sg-sofia.com.ua/makron-mi-svidetili-konza-zapadnoj-gigemonii> (қаратысырылған күні: 23.09.2021).
5. Рубо О.П. Многополярный мир: видение в ЕС и Китае [Электрон. ресурс] - 2019. – URL: <https://rep.vsu.by/bitstream/123456789/6468/1/%D0%9E.%D0%9F.%20%D0%A0%D1%83%D0%B1%D0%BE.pdf> (қаратысырылған күні: 11.10.2021).
6. Выступление на 20-м заседании Совета глав государств-членов Шанхайской организации сотрудничества (10 ноября, 2020 года, видеоконференция) Председатель Китайской Народной Республики Си Цзиньпин [Электрон. ресурс] – 2020. – URL: <https://www.mfa.gov.cn/ce/cgekaterinburg//rus/zgxw/t1831434.htm> (қаратысырылған күні: 25.09.2021)
7. Харри Талья. Инициатива «Один пояс – Один путь» в Центральной Азии. [Электрон. ресурс] – 2021 – URL: https://www.ituc-csi.org/IMG/pdf/belt_and_road_initiative_in_central_asia_ru.pdf (қаратысырылған күні: 15.10.2021).
8. Председатель КНР высказался в защиту принципа многосторонности в мире [Электрон. ресурс] – 2021. – URL: tass.ru/mezhdunarodnaya-panorama/5516100 (қаратысырылған күні: 23.09.2021).
9. Киртон Дж. Будущее «Группы двадцати» [Электрон. ресурс] – 2019. – URL: <https://iorj.hse.ru/data/2019/09/25/1540072107/%D0%94%D0%B6.%20%D0%9A%D0%B8%D1%80%D1%82%D0%BE%D0%BD.pdf> (қаратысырылған күні: 29.09.2021).
10. Стратегия развития БРИКС и приоритеты для России. Доклад НИУ ВШЭ [Электрон. ресурс] – 2020. – URL: <https://conf.hse.ru/mirror/pubs/share/368324519.pdf> (қаратысырылған күні: 23.09.2021).
11. Lake David A. Hierarchy in International Relations / A. Lake David. – London: Cornell University Press, 2011. – 323 p.

Ж.М. Медеубаева, Л.К. Ахметжанова

Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан

Концепция многополярного мира: осмысление и реализация, научно-практический потенциал

Аннотация. В данной статье поставлена цель анализа научной интерпретации, доктринализации и теоретического потенциала концепции многополярного мира, актуальной при изучении современных международных отношений. Наряду с этим авторы рассматривают системные ограничения, препятствующие установлению многополярного мироустройства. Сегодня страны, поддерживающие идею многополярного мира, в основном являются экономически развивающимися странами. Однако в последнее десятилетие на эту концепцию стали уделять внимание и крупные западные державы. Обращается внимание на то, что концепция и доктрина многополярного мира начинается с Китая, в связи с этим анализируется, как она реализуется и какие изменения претерпевает в этой стране. Формирование многополярного мира процесс не однодневный. Однако по мере ослабления американской однополяр-

ности некоторые акторы могут предпринимать попытки реструктуризации в свою пользу используя государственные и негосударственные каналы. Это, конечно, создает риски для безопасности отдельных государств. При этом, делается вывод о том, что такая международная система, которая могла бы полностью заменить американскую однополярность, может оказать давление на внешнюю политику стран среднего уровня, таких как Казахстан и изменить принципы многовекторности.

Ключевые слова: многополярный мир, внешняя политика, доктрина, многопартийность, однополярность, многовекторность.

Zh.M. Medebayeva, L.K. Akhmetzhanova

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan

Conception of a multipolar world: perception and scientific and practical potential

Abstract. This article aims to analyze the scientific interpretation, doctrinization, and theoretical potential of the concept of a multipolar world, which is relevant in the study of modern international relations. Along with this, the authors consider systemic limitations that prevent the establishment of multipolar world order. Today the countries that support the idea of a multipolar world are mainly economically developing countries. But in the last decade, the major Western powers have also begun to pay attention to this concept. Attention is drawn to the fact that the concept and doctrine of a multipolar world begin with China, that's why it analyzes how this concept is implemented and what changes are taking place in its evolution in this country. The formation of a multipolar world is not a one-day process. However, with the weakening of American unipolarity, well-known actors may try to restructure systemic relations in their favor, using governmental and non-governmental means. This, of course, poses risks to the security of individual states. At the same time, it is concluded that such an international system, which could completely replace American unipolarity, could put pressure on the foreign policy of middle-class countries such as Kazakhstan and change the principles of multi-vector policy.

Keywords: multipolar world, foreign policy, doctrine, multipolarity, unipolar system, multi-vector policy.

References

1. John Mearsheimer. We are Moving to a Multipolar World with Three Great Powers. Available at: <https://www.youtube.com/watch?v=yoWMn8H7u1Q> (accessed 23.09.2021).
2. Kupchan, C. A. No One's World. The West, The Rising Rest, and The Coming Global Turn. (Oxford University Press, New York, 2012, 356 p.).
3. Zakaria F. The Post-American World: release 2.0. (W. Norton & Company, New York, 2012, 314 p.).
4. Vystupleniye E.Makrona na soveshchaniy frantsuzskikh poslov [Macron's speech at the meeting of French ambassadors]. Available at: <http://sg-sofia.com.ua/makron-mi-svideteli-konza-zapadnoj-gigemonii>, [in Russian]. (accessed 23.09.2021).
5. Rubo O.P. Mnogopolyarnyy mir: videniye v YES i Kitaye [A multipolar world: the vision in the EU and China]. Available at: - 2019. - URL: <https://rep.vsu.by/bitstream/123456789/6468/1/%D0%9E.%D0%9F.%D0%A0%D1%83%D0%B1%D0%BE.pdf>, [in Russian]. (accessed 11. 10 .2021).
6. Vystupleniye na 20-m zasedanii Soveta glav gosudarstv-chlenov Shankhayskoy organizatsii sotrudnichestva (10 noyabrya 2020 goda, videokonferentsiya) Predsedatel' Kitayskoy Narodnoy Respubliki Si Tsin'pin [Address at the 20th meeting of the Council of Heads of State of the Shanghai Cooperation Organization (November 10, 2020, videoconference) President of the People's Republic of China Xi Jinping]. Available at: <https://www.mfa.gov.cn/ce/cgekaterinburg//rus/zgxw/t1831434.htm>, [in Russian]. (accessed 25.09.2021)
7. Kharri Tal'ga. Initsiativa «Odin poyas — Odin put'» v Tsentral'noy Azii [Harri Talga. One Belt, One Road Initiative in Central Asia]. Available at: https://www.ituc-csi.org/IMG/pdf/belt_and_road_initiative_in_central_asia_ru.pdf, [in Russian]. (accessed 15.10.2021).
8. Predsedatel' KNR vyskazalsya v zashchitu zashchity mnogostoronnosti v mire [PRC President defends multilateralism in the world]. Available at: tass.ru/mezhdunarodnaya-panorama/5516100, [in Russian]. (accessed 23.09.2021).

9. Kirton Dzh. Budushcheye «Gruppy dvadtsati» [The Future of the Group of 20]. Available at: <https://iorj.hse.ru/data/2019/09/25/1540072107/%D0%94%D0%B6.%20%D0%9A%D0%B8%D1%80%D1%82%D0%BE%D0%BD.pdf>, [in Russian]. (accessed 29.09.2021).

10. Strategiya razvitiya BRIKS i priority dlya Rossii. Doklad NIU VSHE [BRICS Development Strategy and Priorities for Russia. Report of the Higher School of Economics]. Available at: <https://conf.hse.ru/mirror/pubs/share/368324519.pdf>, [in Russian]. (accessed 23.09.2021).

11. Lake David A. Hierarchy in International Relations (Cornell University Press, London, 2011, 323 p.).

Авторлар туралы мәлімет:

Медеубаева Жанар Муратбековна – тарих ғылымдарының кандидаты, халықаралық қатынастар кафедрасының профессорі м.а., Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

Ахметжанова Лейла Камидуллаевна – тарих ғылымдарының кандидаты, халықаралық қатынастар кафедрасының доценті м.а., Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

Medeubayeva Zhanar Muratbekovna – Candidate of Historical Sciences, Acting Professor, Department of International Relations, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan.

Akhmetzhanova Leila Kamidullayevna – Candidate of Historical Sciences, Associate Professor, Department of International Relations, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan.